

ЖАРНАМАЛАНАТЫН НЫСАННЫҢ КӨРНЕКІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ


Күсебай Азамат Уәлиханұлы

scales.09@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Дизайн және инженерлік графика» кафедрасының 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.М. Садыкова

Интернет-маркетинг жүйесіндегі тауарды өткізудің ең негізгі ойыншысы - жарнама. Бүгінгі таңда жарнаманың өзектілігі, маркетинг жүйесіндегі орнының ерекшелігі еш талас тудырмайды. Маркетологтар өздерін қызықтыратын тауарлар сегментін ғана зерттеумен айналыспай, осы тауарларды сатып ала алатын мүмкіндіктері бар тұтынушыларды, олардың әлеуметтік жағдайларын терең зерделегендері абзал. Осыдан барып тұтынушылардың қызығушылығын тез оятатын, сатып алуға шешім қабылдау жылдамдығын арттыратын жарнамаларды жасау мәселелері туындайды.

Ертеректе, интернет әлі дүниеге келмеген кезде, жарнамалар газет-журналдар арқылы, радио-телевизия арқылы таратылатын болса, енді интернеттің пайда болуына байланысты көрсеткіштер күрт өзгере бастайды. Төмендегі диаграммадан 2020 жылдың көрсеткіштерінің өзгеру динамикасын көруге болады [1].



Сурет 1 Жарнаманың өзгеру динамикасы

Осы диаграммадан байқағанымыз – жарнаманың интернет арқылы жасалуының тез қарқынмен өсуі, және осы қарқында дами беруі. Демек интернет-маркетинг пен интернет-жарнаманың арасында тікелей қатынастың бар екенін ескеретін болсақ, сауда жүргізу іс-шараларының ішінде интернет-маркетинг ең көшбасшы жүйе болып қалатыны еш күмән келтірмейді. Сонымен, маркетингті алға жылжыту үшін жарнаманы дамыту – бірінші кезекте тұрған шаруа екен.

Қазіргі интернет кеңістігіндегі жарнамада заманауи сайттар жасаудың орны ерекше. Сайтқа қойылатын талап та күн санап өсіп келе жатыр. Негізгі талаптардың қатарына оның қолданыстағы ыңғайлылығы, беттерінің дизайндық тартымдылығы, ақпараттылығы ғана емес, сонымен қатар, жарнамаланатын нысанның кескінделу көрнекілігі де кіретін болды. Бұрын заттың көрнекі кескінін аксонометриялық, перспективалық проекцияларын салу арқылы, олардың көлемділігін көлеңкелерін көрсету арқылы орындайтын болса, қазіргі

бейнелеу, ақпараттаудың жаңа дәуірінде аталған әдістер қалып бара жатқан ескі дүниеге айналуға [2].

Кескіндеудің жаңа талаптарының бірі – ол, сөзсіз, нысанның 3D кескінін көрсету деп есептеуге болады. Бірақ кез-келген заттың 3D кескінін салу оңай шаруа ма? Қарапайымдау заттың, әрине, 3D моделін жасаудың түрлі шешімдері бар. Дегенмен, не көп, жарнамаланатын зат көп. Барлық затқа 3D модель жасау мүмкін бе? Бұл үлкен ресурсты талап ететін шаруа. Ресурс деп отырғанымыз – ол бірінші кезекте уақыт және мамандар. Осыдан шығатын қорытынды – көп жағдайда жарнамалатын тауардың сайттағы көрнекілігін 3D моделін жасау арқылы емес, басқаша бір әдістермен күшейту. Осындай әдістердің бірі – ол түрлі ракурстағы фотолардың жиынтығынан тұратын көрнекілікті беру әдісі. Басқаша айтқанда моделді алу. Сосын дайн моделді айналдыра көруге болады.

Қазіргі заманда 3d моделдерді алудың екі тәсілі бар оның бірі сканерлеу болса екіншісі фотограмметрия тәсілі

Бірінші тәсіл - модельдеу процесін жылдамдату және жеңілдету үшін 3D сканерлер қолдану. Үшөлшемді сканерлеу зерттелетін объектінің күрделі бейінді көлемді моделін алуға мүмкіндік береді-3D сканер объектіні цифрлайды, бұл оның математикалық моделін кейіннен 3d принтерде басып шығару үшін немесе айналдыра көру үшін жылдам жасау мүмкіндігін береді. Құрылғы көптеген қиылысатын жазықтықтардан объектінің геометриясын құрайтын сызықтармен байланысқан нүктелер бұлтын жасайды. Алынған координаттар параметрлік модель ретінде сақталады. Кез-келген CAD жүйесінде объектінің жеке элементтерінің сызбаларын алу, оны нақтылау, принтерді бағдарламалау үшін қажетті өлшемдер мен басқа параметрлерді реттеу үшін жұмыс жасайды.


Үш өлшемді сканерлеудің екі әдісі бар – Байланыс және байланыссыз. 3D байланыс сканері "жанасу" арқылы жұмыс істейді. Құрылғымен затты айналдыра сканерленеді, ал зондпен әр бет арнайы тексеріледі. Бұрын координаттар жүйесін құрайтын нүктелер-маркерлер зерттелетін объектіге қолданылған. Үлкен иілісі бар жерлерде нүктелер арасындағы қашықтық минималды, тегіс жазықтықтарда максималды болды. Сканер нүктелердің координаттарын түсіеді - олардан 3D модель құрылады. Заманауи аспаптар дене торлар қолданылуысыз ақ жасалады, .

Контактіні сканерлеу жарық жағдайына байланысты емес. Құрылғымен жұмыс істеуді үйрену оңай. Бірақ бірқатар кемшіліктер бар: сканер құрылымды ажыратпайды, ал үлкен затты өңдеу үшін сіз қолыңыздағы құрылғымен қатты терлеуіңіз керек. Үш өлшемді сканерлеудің байланыссыз әдісі екі кіші түрге бөлінеді: белсенді және белсенсіз. Белсенді 3D сканерлеуге арналған аспаптар ультрадыбысты, бағытталған жарық көзін, лазерді немесе рентген сәулелерін зерттелетін объектіні сәулелендіру үшін пайдаланады – аспап объектімен жанасу нүктелерінен және сканерге дейінгі қашықтықтан координаттар жүйесін қалыптастыра отырып, "сигналды" қайтару уақытын есептейді. Оператор әртүрлі бұрыштарда нысанды сканерлейді және бөліктерді бір-біріне жабыстырады.

Бірақ 3d санерлер қол астынан табыла қоймайды. Сондықтан да ең оңайы екінші тәсілді қолдану.

Екінші тәсіл – фотограмметрия тәсілі. Фотограмметрия зерттелетін объектінің көріністерін әр нүктесін дәл анықтау және оның үш өлшемді моделін екі өлшемді кескіннен қалпына келтіру үшін оптика және проективтік геометрия әдістерін қолданады. Арнайы бағдарламаларда әртүрлі тұстардан түсірілген бір объектінің фотосуреттер жиынтығын өңдейді.

Мысал ретінде Қазақстан тарихы мен мәдени мұрасының мақтанышына айналған археологиялық қазбалар жауһары «Алтын адам» образында жасалған «Тәуелсіздік сарбазы» кәдесыйы алынды. Түсірілген 360 кадрдың барлығын бұл мақалада көрсету мүмкін емес, сондықтан әртүрлі ракурстағы 12 кадр ұсынылған.



Сурет 2. Әр түрлі ракурстағы кадрлар

360°Photo әдісін кәсіби түрде әртүрлі деңгейде қолданатын түрлі онлайн сервистерді ғаламтор кеңістігінен молынан табуға болады. Мысал ретінде **Sirv**, **Webrotate360**, **360productviewer**, **Imajize**, **MagicToolBox** т.б. сияқты сервистік сайттарды атауға болады. Бұлардың функционалдық мүмкіндігі, ресурстық талаптары, тұтынушыға қоятын алғышарттары әртүрлі. Алға қойылған мақсаттардың деңгейіне, шешілуге тиіс мәселелердің көлеміне байланысты осындай көптеген онлайн сервистердің бірін таңдау керек.

Біз **360°Photo** әдісімен орындайтын жоспарланған жұмысты **Sirv** онлайн сервисінде іске асыруды жөн көрдік. Оған басты себеп – **Sirv** сервисінің қарапайымдылығы және қолданыстағы ыңғайлылығы.

Енді қысқаша орындалу алгоритміне тоқталып өтсек.

Жарықпен жақсы жабдықталған бөлмеде орналасқан айналмалы платформа-дискісіне «Тәуелсіздік сарбазы» мүсіншесі қойылды. Тұрақты штативке **Canon EOS 200D Kit** фотоаппараты қойылып, қашықтықтан түсіру қондырғысына қосылды. Дәл ортасына кәдесый қойылған диск-платформа алдын-ала белгіленген бұрышқа бұрылып, айналып тұрады.

Барлық суреттерді жүктеп болған соң, **Sirv** онлайн-сервисі өзі бізге қажетті **HTML** код-ты әзірлеп береді.



Сурет 3. Платформадағы «Тәуелсіздік сарбазы»

360°Photo-ның басты артықшылығы – оларды жасаудың салыстырмалы қарапайымдылығы. Үш өлшемді кескіннің жоғары сапасы жеткілікті мөлшерде суреттерді қажет ететінін түсіну керек. Тиісінше, фотосуреттердің көлемі артып, оларды өнім бетіне жүктеу әрдайым ұзақ уақытты қажет етеді.



Сурет 4«Тәуелсіздік сарбазы» кәдесыйы

360°Photo әдісінің көмегімен алынған «Тәуелсіздік сарбазы» кәдесыйының көрнекі кескіні өзінің тартымдылығымен сатып алушылардың қызығушығын арттырары сөзсіз.

Қорытындылай келе фотограмметрия тәсілдерін және де басқадай тәсілдерді іріктей келе, заманауы алтернатвті сайттардың ішіндегі **Sirv** сайтының көмегімен интернет

дүкендерінің ішінде жан-жақты 360⁰ –та айналдыра қарайтын моделде киім үлгілерін, кәдесиларды жалпыша айтқанда кез келген бұйымды қарап бағалауға мүмкіндік беретін парақшаларды жасау мүмкіндігімен таныстырдық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Андрей Гавриков, Владимир Давыдов, Михаил Фёдоров - Интернет-маркетинг - Настольная книга digital-маркетолога, ISBN: 978-5-17-116830-8, 2020 г. 307, Издательство АСТ
2. vc.ru/marketing/173545-3d-vizualizaciya-v-ecommerce-o-tipah-otlichiyah-i-legkom-sposobe-podnyat-konversiyu-na-7
3. www.cossa.ru/trends/219164/